

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 сәуірдегі N 540 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 629 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 546 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 сәуірдегі

N 540 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 14, 189-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

1) Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Анпилогов - "Өскемен су электр станциясы АЭС"

Борис Иванович жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің станцияны пайдалану
жөніндегі директоры (келісім бойынша)

Ахметов - "Эй-И-Эс Силк Роуд, Инк."

Дәулет Дәлелұлы компаниясы филиалының мемлекеттік
органдармен байланыстар жөніндегі
директоры (келісім бойынша)

Висков - "KEGOC" ашық акционерлік

Михаил Александрович қоғамының "Шығыс өңіраралық
электр желілері" филиалының
директоры (келісім бойынша)

Морозов - "Қазмырыш" акционерлік қоғамы

Игорь Васильевич энергетикалық кешенінің директоры,
бас энергетигі (келісім бойынша)

Огай - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің

Эдуард Викторович орынбасары;

"Бертісбаев Несіпкұл Бертісбайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және қатты жанармай департаментінің директоры" деген жолдағы "қатты жанармай" деген сөздер "көмір өнеркәсібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген құрамнан Богатырев Александр Егорович, Навид Исмаил, Недовесов Виктор Семенович, Рудман Борис Михайлович, Селиханов Дүйсенбай Мағзұмұлы шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Ертіс су қоймалары құламасының су ресурстарын пайдалану жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссия туралы ереже:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң